



Барлық ескертулер мен бланк қағаздарын виза бөлімдерінен, дипломатиялық өкілдіктердің веб-сайтынан, сонымен қатар визалық орталықтардан тегін алуға болады.

## Қонаққа баруға арналған визаны ашуға берілетін өтініш туралы ақпарат

«Виза ашу үшін берілетін өтініштің жалпы мағлұматтары туралы» ескертпемен қосымша танысусызызды сұраймыз.

- Өтініш берушінің Шенген визасын алу үшін *толық толтырылған қолы қойылған сауалнамасы*. Мұнда шетелдіктердің келуі туралы Заңның 53 параграфы, осы параграфтың 1 абзацы мен 54 параграфтың 2 абзацының, №7, 8 пункттерінің өзара байланысы туралы түсініктемелері қоса ескеріледі; электрондық толтыруға және қайта басып шығаруға арналған анкетаның толық түрін Сіз миңа жерден [www.videx.diplo.de](http://www.videx.diplo.de) таба аласыз.
- Соңғы 6 айдың ішінде түсірілген 3,5 x 4,5 см көлеміндегі 2 биометриялық фотосурет (фото сурет сауалнамаға жапсыру керек)
- Жарамды, **өтініш берушінің қолтаңбасы (16 жастан бастап) бар халықаралық төлкүжат** және оның жеке деректері орналасқан бетінің көшірмесі. Визаны рәсімдеу кезінде төлкүжат кемінде әрі қарай 3 айға жарамды және кем дегендे 2 бос беті болуы тиіс және соңғы 10 жылда берілуі міндет;
- Бар болған жағдайда соңғы үш жылда берілген шенген визалардың кіру және шығу мөрлөрі бар көшірмелері;
- Қазақстан азаматтығы жоқ өтініш берушілерге: Қазақстанда тұруға **ықтияр хаттың / тіркеудің түпнұсқасы мен көшірмесі**;
- Азаматтық хал актілерін растайтын құжаттар (мысалы, туу/неке/қайтыс болу туралы күәліктер) АХАЖ мөрімен түпнұсқада ұсынылуы тиіс (eGov көшірмелері жарамсыз!)
- Бүкіл Шенгендік Келісімге кіретін мемлекеттерге құші бірдей жүретін медициналық сақтандырудың көшірмесі. Сақтандырудың төменгі қаржылай қамту көлемі 30 000 евро және оның қолдану мерзімі көрсетілуі керек. Медициналық сақтандыру болуы мүмкін миңа шығындарды өтеуі қажет: Сақтанушының ауырған немесе өлген жағдайда орын алатын тасымалдау шығындары; шұғыл медициналық көмекке кететін қаржы немесе шұғыл ауруына байланысты емханаға кететін шығындар. Бұның бәрі өтініш берушінің Шенгендік Келісімге кіретін елдердің территориясында жүрген кездерінде ғана іске асады. Медициналық сақтандыру сонымен бірге COVID-19 коронавирустық ауруын ең төменгі 30.000 евро мөлшерінде қамтуы керек.



- **Виза үшін консулдық алым** теңгемен төленеді (Алымдар туралы толық мәліметті Сіз мына жерден таба аласыз: [www.kasachstan.diplo.de](http://www.kasachstan.diplo.de))

- **Сапардың мақсатын дәлелдеу:**

Барған жерде болатын шығындарды шақыруши тарап төлейтін жағдайда:

Шетелдіктердің келуі туралы Заңның § 66-68 сәйкес **ресми түрде «Міндеттеме алғаны туралы жазылған өтініштің» (Verpflichtungserklärung) түпнұсқасы мен көшірмесі** берілген уақыты виза ашу үшін (берілген өтініштің күнінен алты айдан әрі аспауы керек ), оны Сізді шақыруши тұлға Германияның шетелдік істері туралы үәкілдепті органынан ала алады;

НЕМЕСЕ, егер барған жерде болатын шығындарын өтініш беруші өзі төлейтін болса:

Неміс тіліндегі **ресми емес** шақырудың көшірмесі.

- Шақырушиның және барлық шақырылатын тұлғалардың тегі, есімі , туылған күні көрсетіледі;
- Шақырылатын тұлғалардың мекен жайы;
- Болу мерзімі;
- Күні және шақырушиның қолы.
- Шақырушиның қолы ресми түрде Германия үәкілдептігінде нотариалдық түрде расталған құжат, НЕМЕСЕ шақыруши тұлғаның паспорт немесе жеке күәлігінің көшірмесі;
- Егер шақыруши тұлғаның Германия азаматтығы жоқ болса, онда: Германияда тұруға ықтияр хаттың көшірмесі;

Бейресми шақыру қағазының үлгісін мына жерден [www.kasachstan.diplo.de](http://www.kasachstan.diplo.de) шығарып ала аласыз, сондай – ақ, оны дипломатиялық өкілдіктерден немесе визалық орталықтардан тегін алуға болады;

- Қажет болған жағдайда: некеге тұрмаған серіктестің қарым-қатынас туралы түсініктемесі. Түсініктемені мына жерден [www.kasachstan.diplo.de](http://www.kasachstan.diplo.de) шығарып ала аласыз немесе дипломатиялық өкілдіктерден, визалық орталықтардан тегін алуға болады;
- **Егер өтініш білдіруші сапар барысындағы шығындарын өзі төлейтін болса:** өтініш білдірушінің атына берілген ағындағы шоттағы қаражаттың қалдығы туралы банктен анықтаманың түпнұсқасы және банктің мөрімен / қолымен және соңғы үш айдағы дербес шоттан үзінді көшірме. Банк анықтамасы өтініш берілгенге дейін 2 аптадан аспайтын мерзімде берілуі керек.
  - **Некеде тұратын арыз берушілер** күйеуінің/әйелінің банктегі есеп шотының түпнұсқасы мен көшірмесін бере алады, оған қоса некеге отырғаны туралы күәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесін тапсырады;
  - **Кәмелетке толмаған өтініш берушілер** өзін бірге алып жүрген ата-анасының біреуінің есеп шотының көшірмесін тапсыруына болады + өзінің тууы туралы күәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі;



- **Қажет болған жағдайда:** Тұпнұсқа + көшірме некеге қию туралы қуәлігінің тұпнұсқасы мен көшірмесі; неке бұзу туралы қуәліктері немесе ата-анасының (куйеуінің / әйелінің) өлгені туралы қуәліктер; тұпнұсқасы мен көшірмесі;
- **Қажет болған жағдайда:** Балалардың тууы туралы қуәліктерінің тұпнұсқалары мен көшірмелері;
- **Қажет болған жағдайда: Жеке бас мүлкі болса:** Жеке бас мүлкі туралы анықтама (виза ашуға өтініш бергенге 4 аптадан аспайтын үақытқа дейін берілген болуы керек);
- **Қажет болған жағдайда:** Қоныс аударылған адамдар мен босқындар туралы заңға орай оларды қабылдау туралы шешімнің көшірмесі (оралмандар мен олардың отбасы);
- **Жұмыс істейтіндер үшін:** Жұмыс жасайтын жерден берілген анықтаманың тұпнұсқасы. Анықтамада оның лауазымы, еңбек қызметінің үзақтығы, орта айлық жалақысы, берілетін демалыс және оның мерзімі мен сипаты (төленетін / төленбейтін демалыс) көрсетіледі. Сонымен қатар жұмыс орынының толық мекен-жайы, байланыс деректері, жұмыс берушінің анықтамадағы мөрі мен қолы;
- **Жеке кәсіпкерлер мен ЖШС құрылтайлары үшін:** E-gov-тан берілетін мемлекеттік тіркеуден өткен заңды тұлға екендігі туралы анықтама, кейінге есепті үақытқа берілген салық құжаттары (патент немесе электронды түрдегі декларация). Және салық берешегі бар ма немесе жоқ па тұрасындағы анықтама;
- **Зейнеткерлер үшін:** Зейнеткерлік **есепшотынан** шығарылым:
- **Студенттер үшін:**
  - **Оқитын жерінен** анықтаманың тұпнұсқасы. Анықтамада оқудың түрі, мамандығы, курсы және оқудағы қалған үақыты көрсетіледі;
  - **Егер сапар ағымдағы семестр кезінде болса:** Сапарға кетуіне байланысты **сол кезеңде оқудан босатылғаны туралы анықтаманың тұпнұсқасы**.
- **Оқушылар үшін:**
  - **Мектептен берілген анықтаманың тұпнұсқасы;**
  - **Егер сапар ағымдағы оқу жылы кезінде болса:** Сапарға кетуіне байланысты **сол кезеңге сабактардан босатылғаны туралы анықтаманың тұпнұсқасы**.
- **Германия азаматының куйеуі/әйелі үшін:** Неке куәлігінің көшірмесі + Германия азаматының халықаралық паспортының жеке куәлігінің көшірмесі;
- **Германия азаматтары болып есептелетін балалардың ата-аналары үшін:** Баланың тууы түрлі куәлігінің көшірмесі + баланың шетелдік паспортының көшірмесі.



**Кәмелетке толмағандар үшін қосымша деректер:**

- Тууы турлы күеліктің түпнұсқасы мен көшірмесі;
- Егер тууы туралы күеліктегі мәліметтер шешесінің айтуымен жазылған болса: АХАЖ (азаматтардың хал актілерін жазу) мекемесінің №4 формасы бойынша берген актуалды анықтамасының түпнұсқасы мен көшірмесі (анықтаманың берілген үақыты виза ашу үшін жазылған берілген өтініштің күнінен төрт тәуліктен аспауды керек);
- Ата-аналық құқықтарына ие ата-аналардың **жеке тұлғаларын** күеландыратын құжаттардың көшірмелері;

ЖӘНЕ

- Өтініш формулярында ата-аналық құқықтарына ие ата-аналардың **қолдары;**
- Егер ата-анасының біреуі өлген болса немесе ата-аналық құқығынан айырылған болса: **өлгені туралы күеліктің** немесе соттың шешімінің түпнұсқасы мен көшірмесі;

ЖӘНЕ

- Егер бала ата-аналарының біреуімен немесе үшінші тұлғаның жетекшілігімен, не болмаса жалғыз өзі шыққан болса: Шенгендік Келісімге кіретін елдің аймағына баратын балаға жетекшілік жасайтын тұлғаға немесе белгілі бір үақытқа баратын баланың өзіне сапарға бірге шықпаған ата-аналарының нотариалдық түрде расталған рұқсатнамасының көшірмесі мен түпнұсқасы;
- Егер ата-анасының немесе сапарға жетекшілік жасайтын тұлғаның күші бар шенген визасы болса: Осы визалардың көшірмесі.

Естерінізде болсын: Сіздің өтінішіңізді қарау барысында қосымша құжат қажет болған жағдай туындаса, онда дипломатиялық өкілдік қосымша құжаттарды жіберуді талап етеді. Бірақ бұл құжаттар Сізге виза автоматты түрде ашуга негіз болып табылмайды.